

**"Қайта өңдеушілер үшін 2015 жылға бөлінген тарифтік квоталар көлемін қайта өңдеушілер арасында бөлуді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 3-4/162 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 3-4/1109 бұйрығы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз**

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1 және 43-1-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қайта өңдеушілер үшін 2015 жылға бөлінген тарифтік квоталар көлемін қайта өңдеушілер арасында бөлуді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 3-4/162 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10642 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын.

3. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Министр*

*А. Мамытбеков*